

10 класс. 2 тур. Тестовые задания.
(каждый ответ оценивается в 1 балл)

1. Известен как крупный организатор народного образования и культуры в Казахстане и Средней Азии. Основал казахские газеты «Бирлик туы», «Ак жол» и журнал «Шолпан». Автор одного из первых казахских учебников по математике:

- А) Халел Досмухамедов.
- Б) Султанбек Ходжанов.
- В) Жалау Мынбаев.

2. Русская литература Казахстана – не менее интересное и значимое явление в культуре нашей страны. Известные представители данной литературы, такие как Д. Снегин, М. Симашко, Г. Бельгер стали лауреатами:

- А) Государственной премией «Дарын».
- Б) Президентской премии мира и духовного согласия.
- В) Государственной премии Республики Казахстан в области науки и техники имени аль-Фараби.

3. Второй Всемирный курултай казахов был проведен в 2002 году в:

- А) Алматы.
- Б) Туркестане.
- В) Астане.

4. Казахская письменность была переведена с латиницы на кириллицу в:

- А) 1929 году.
- Б) 1937 году.
- В) 1940 году.

5. Талантливая молодежь, влившаяся в ряды казахских литераторов в 1920-1930-е годы:

- А) М. Шаханов, О. Сулейменов.
- Б) Ж. Модагалиев, Ә. Нурпеисов.
- В) Ж. Саин, К. Аманжолов.

6. Акын, у которого Ч. Уалиханов записал поэму «Козы Корпеш – Баян Сулу»:

- А) Суюнбай.
- Б) Шернияз.
- В) Шоже.

7. Высшая ступень развития определенного человеческого сообщества: племени, народа, нации. Характеризуется высоким развитием экономики, политики, социальных отношений, духовной культуры в определенные исторические отрезки времени – это:

- А) Культура.
- Б) Субкультура.
- В) Цивилизация.

8. На какие социальные группы делилось казахское общество в XVII в.:

- А) Каган, ягбу, шад, эльтебер.
- Б) Ак-суйек, кара-суйек.
- В) Хан, карача, везиры, мурзы.

9. Основные древние памятники тюркской письменной литературы:

- А) «Коркыт-Ата» и «Огузнаме».
- Б) «Культегин» и «Тоньюкок».
- В) «Кутадгу билик» и «Диуани лугат ат-тюрк».

10. Выдающийся казахский певец, удививший своим талантом Европейских зрителей в 1925-1927 гг.:

- А) Манарбек Ержанов.
- Б) Куляш Байсеитова.
- В) Амире Кашаубаев.

11. Ансамбли, которые были созданы в 1970 годы под влиянием известного многим странам мира организации «Жас тұлпар»:

- А) «Гүлдер», «Дос-Мұқасан», «Айгүл».
- Б) «Жетіген», «Аққу», «Гүлдер».
- В) «Дос-Мұқасан», «Жігіттер».

12. Писатель, удостоившийся международной премии им. Дж. Неру:

- А) Ануар Алимжанов.
- Б) Габит Мүсрепов.
- В) Ильяс Есенберлин.

13. Повествования о богах, духах, общественных героях и первопредках, возникшие в древности – это:

- А) Мемуары.
- Б) Эпосы.
- В) Мифы.

14. Первая постановка оперы «Биржан - Сара» была:

- А) 1936 г.
- Б) 1946 г.
- В) 1956 г.

15. Социально-экономическая, политическая общность людей, основу хозяйства которых составляет скотоводство, источником жизнеобеспечения является скотоводческая продукция, образ жизни связан с передвижениями по устоявшейся схеме и системе – это:

- А) Оседлость.
- Б) Кочевое общество.
- В) Полукочевая общество.

16. Народные композиторы, первыми создавшие оперу:

- А) М. Тулебаев, А. Жубанов.
- Б) А. Жубанов, Л. Хамиди.
- В) Б. Байкадамов, Л. Хамиди.

17. Дореволюционный ученый, исследовавший казахское музыкальное искусство:

- А) С. Рыбаков.
- Б) Г. Потанин.
- В) А. Затаевич.

18. Яркое явление в древнем искусстве, главной темой которого были изображения зверей и мифических чудовищ, получило название:

- А) Полихромный стиль.
- Б) Звериный стиль.
- В) Национальный стиль.

19. Год реабилитации А. Байтурсынова, М. Жумабаева, М. Дулатова, Ш. Кудайбердиева, Ж. Аймауытова:

- А) 1987 г.
- Б) 1988 г.
- В) 1989 г.

20. Первый дошедший до нас письменный памятник светской литературы тюркоязычных народов Средней Азии и Казахстана. Он представляет собой дидактический трактат-поэму, в которой автор в аллегорической форме изложил свои философские, этические и политические взгляды – это:

- А) «Культегин».
- Б) «Кутадгу билик».
- В) «Диуани лугат ат-тюрк».

10 сынып.2 айналым.Тест тапсырмалары.
(әр сұрақтың жауабы 1 ұпаймен бағаланады)

1. Қазақстан мен Орта Азияның халық ағарту ісі мен мәдениетін ұйымдастырушы ретінде танымал. Қазақ газеттері «Бірлік туы», «Ақ жол» және «Шолпан» журналдарының негізін қалаған, алғашқы қазақ тіліндегі математика оқулықтарының авторы:

- А) Халел Досмұхамедов.
- Б) Сұлтанбек Ходжанов.
- В) Жалау Мыңбаев.

2. Қазақстандағы орыс әдебиеті – еліміздің мәдениетіндегі қызықты әрі маңызды құбылыс. Аталмыш әдебиеттің Д.Снегин, М.Симашко, Г.Бельгер сынды белгілі өкілдері қандай сыйлықтың лауреаты атанды:

- А) «Дарын» Мемлекеттік сыйлығының.
- Б) Президенттік бейбітшілік пен рухани келісім сыйлығының.
- В) Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлығының.

3. Екінші Дүниежүзілік қазақтарының Құрылтайы 2002 жылы өтті:

- А) Алматыда.
- Б) Түркістанда.
- В) Астанада.

4. Қазақ жазуы латын әліпбиінен кириллицаға көшірілді:

- А) 1929 жылы.
- Б) 1937 жылы.
- В) 1940 жылы.

5. 1920-1930 жылдардағы қазақ жазушыларының қатарына қосылған талантты жастар:

- А) М. Шаханов, О. Сүлейменов.
- Б) Ж. Модағалиев, Ә. Нұрпейсов.
- В) Ж. Саин, Қ. Аманжолов

6. Ш.Ш. Уәлиханов «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» поэмасын қай ақыннан жазып алған:

- А) Сүйінбай.
- Б) Шернияз.
- В) Шөже.

7. Белгілі бір адамзат қоғамдастығы: тайпа, халық, ұлт дамуының ең жоғарғы сатысы. Белгілі бір тарихи кезеңдерде экономиканың,

саясаттың, әлеуметтік қатынастардың, рухани мәдениеттің жоғары дамуымен сипатталады:

- А) Мәдениет
- Б) Субмәдениет.
- В) Өркениет.

8. XVII ғ. қазақ қоғамы қандай әлеуметтік топтарға бөлінді:

- А) Қаған, жағбу, шад, елтебер.
- Б) Ақ сүйек, қара сүйек.
- В) Хан, қараша, уәзір, мырза.

9. Түркі жазба әдебиетінің көне ескерткіштері:

- А) «Қорқыт ата» және «Оғызнама».
- Б) «Күлтегін» және «Тоныкөк».
- В) «Құтадғу білік» және «Диуани лұғат ат-түрк».

10. 1925-1927 жж. өзінің талантымен Еуропа көрермендерін таңқалдырған көрнекті қазақ әншісі:

- А) Манарбек Ержанов.
- Б) Күләш Байсейтова.
- В) Әміре Қашаубаев.

11. 1970 жылдары әлемнің көптеген елдеріне белгілі «Жас тұлпар» ұйымының ықпалымен құрылған ансамбльдер:

- А) «Гүлдер», «Дос-Мұқасан», «Айгүл».
- Б) «Жетіген», «Аққу», «Гүлдер».
- В) «Дос-Мұқасан», «Жігіттер».

12. Халықаралық Дж.Неру атындағы сыйлыққа ие болған жазушы:

- А) Әнуар Әлімжанов.
- Б) Ғабит Мүсрепов.
- В) Ілияс Есенберлин.

13. Ежелгі уақытта пайда болған құдайлар, рухтар, қоғамдағы батырлар және алғашқы ата-бабалар туралы әңгімелерді құрайды:

- А) Мемуар.
- Б) Эпос.
- В) Миф.

14. Біржан - Сара операсының алғашқы қойылымы болды:

- А) 1936 ж.
- Б) 1946 ж.
- В) 1956 ж.

15. Өмір салты қалыптасқан жүйеге сәйкес көшумен байланысты, шаруашылықтың негізін мал шаруашылығы құрайтын, ал оның өнімдері тіршілік көзі болып табылатын, адамдардың әлеуметтік-экономикалық, саяси бірлестігін дегеніміз:

- А) Отырықшылық.
- Б) Көшпелі қоғам.
- В) Жартылай көшпелі қоғам.

16. Алғашқы операны жазған халық композиторлары:

- А) М. Төлебаев, А. Жұбанов.
- Б) А. Жұбанов, Л. Хамиди.
- В) Б. Байқадамов, Л. Хамиди.

17. Революцияға дейін қазақ музыка өнерін зерттеген ғалым:

- А) С. Рыбаков.
- Б) Г. Потанин.
- В) А. Затаевич.

18. Негізгі тақырыбы жануарлар мен аңыздардағы қиял-ғажайыптарды бейнелейтін ежелгі өнердегі таңғажайып құбылыс атауы:

- А) Полихромды стиль.
- Б) Аңдық стиль.
- В) Ұлттық стиль.

19. А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ш. Құдайбердіұлы, Ж. Аймауытовтар ақталған жыл:

- А) 1987 ж.
- Б) 1988 ж.
- В) 1989 ж.

20. Орталық Азия мен Қазақстанның түркітілдес халықтарының зайырлы әдебиеті, бізге жеткен алғашқы жазба ескерткіш. Онда автор аллегориялық түрде өзінің философиялық, этикалық және саяси көзқарастарын көрсеткен – дидактикалық трактат-поэма:

- А) «Күлтегін».
- Б) «Құтадғу білік».
- В) «Диуани лұғат ат-түрк».